

**Атырау облысының мемлекеттік органдарында және квазимемлекеттік сектор субъектілерінде жүргізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау қорытындысы бойынша 2023 жылдың 27 қыркүйегіндегі жай-күйі туралы**

## **ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА**

### **«Махамбет көп бейінді ауыл шаруашылық колледжі» КМҚК**

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Төрағасының 2016 жылы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына» сәйкес Махамбет көп бейінді ауыл шаруашылық колледжі директорының міндетін атқарушы С.Сатбергенованың 2023 жылдың 22 қыркүйегіндегі № 120 бұйрығымен жасақталған жұмыс тобы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау төмендегі жұмыс тобының құрамымен жүргізілді:

<b>№</b>	<b>Аты-жөні</b>	<b>Лауазымы</b>
1	Сұлтанғалиев Жанболат Қашымұлы	Колледж директоры
2	Рсалиева Асия	Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары
3	Мухамеджанова Айман Нурабаевна	Психолог
4	Тусыпкалиева Гулмира Сапидуллаевна	Бас есепші
5	Намазғалиева Гулшара Мустажаповна	Кадр жөніндегі инспектор

**Махамбет көп бейінді ауыл шаруашылық колледжі\_ қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілері:**

- «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» ҚР 2015 жылғы 23 қарашадағы №416-V Заңы;
- «Қазақстан Республикасының Әкімшілік-рәсімдік-процестік кодексі» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы №350-VI ҚРЗ Кодексі;
- 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» №148 Заңы;
- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Заңы;
- «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» ҚР 1993 жылғы 8 желтоқсандағы №2572-XII;

- «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі) 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының №120-VI Кодексі;
- «Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95- IV Кодексі;
- «Азаматтық қызметшілерге мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» 2015 жылғы 31 желтоқсандағы ҚР Үкіметінің №1193 қаулысы;
- «Бюджет қаражаты есебінен қызметтік іссапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу қағидаларын өтеу қағидаларын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2018 жылғы 11 мамырдағы №256 қаулысы;
- «Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен Қазақстан Республикасы органдарының қызметкерлеріне сыйлық беру, материалдық көмек көрсету және лауазымдық жалақыларына үстемақылар белгілеу ережесін бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2001 жылғы 29 тамыздағы №1127 қаулысы;
- «Мемлекеттік әкімшілік қызметкерлерге пилоттық режимде еңбекақы төлеудің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2017 жылғы 29 желтоқсандағы №939 қаулысы;
- 2015 жылғы 29 қазандағы №375- V ҚРЗ Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі;
- 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының №414- V «Еңбек кодексі», (өзгерістермен 2020 ж)
- «Мемлекеттік стипендиялар тағайындау, төлеу қағидаларын және олардың мөлшерлерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 7 ақпандағы №116 қаулысы
- «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмек мөлшерлерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы №320 қаулысы.

## **Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау бойынша талдамалық**

### **анықтама**

Махамбет көп бейінді ауыл шаруашылық колледжі коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаудың бағыты: басқару және ұйымдастырушылық-кадрлық қызмет, қаржылық-шаруашылық қызмет, білім беру қызметі, әлеуметтік тәрбие қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде

сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және оқу бөлімінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау болып табылады.

**Басқару және ұйымдастырушылық - кадрлық қызметіне** ішкі талдау жүргізілді:

Махамбет көп бейінді ауыл шаруашылық колледжі басшысын тағайындау Атырау облысы Білім беру басқармасы арқылы жүргізіледі. Колледж оқытушыларының бос лауазымдарына орналасуға Махамбет аудандық жұмыспен қамту орталығы мен [enbek.kz](http://enbek.kz) электрондық еңбек биржасына хабарландырулар орналастырылған. Оқу процесі туралы сұрақтарға колледждің инстаграмм және фейсбук әлеуметтік желілеріндегі ресми парақшаларында жауап берілген.

**Қаржы-шаруашылық қызметіне** ішкі талдау жүргізілді:

Занды тұлғалармен жасақталған келісім-шарттар цифрлы қол қою арқылы электронды түрде жасақталған. Колледж мүліктерінің инвентаризациялық тізімдері жасалған. Есеп бөлімі барлық қаржылық операциялар, бухгалтерлік учет, бюджетті нақтылау, жоспарлау [Parus.kaz.kz](http://Parus.kaz.kz) программасымен орындалып отыр. Жұмыс уақытының парағы ай сайын алынып, ЖШС К2-Консалтинг программасы бойынша жасаған жұмыс күніне сәйкес қызметкерлерге жалақы есептеліп, төленеді. Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу [Goszakup.gov.kz](http://Goszakup.gov.kz) веб порталында сатып алулар ашық конкурс, баға ұсынысы тәсілімен шарт жасасу, арқылы алынып отыр.

«Мемлекеттік стипендиялар тағайындау, төлеу қағидаларын және олардың мөлшерлерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 7 ақпандағы №116 қаулысы негізінде білім алушыларға стипендия төленеді. «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмек беру қағидалары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы №320 қаулысы бойынша білім алушылар бір мезгіл ыссы тамақпен қамтылады.

Қаржылық – шаруашылық қызмет бөлімі бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

**Білім беру қызметіне** ішкі талдау жүргізілді:

Оқытушылардың жеке жүктемесі оқу жылының басында тарификациялық комиссия арқылы бекітілген. Колледж білім алушыларының сабаққа қатысты және білімін бағалау мақсатында «ЕДУС» платформасы арқылы электронды журнал жүргізіледі. Электронды журналға 26 оқытушы, 120 білім алушы және 5 пән енгізілген. Білім алушыларға өздеріне берілген логин, пароль арқылы жеке кабинеттерінде кез келген уақытта пәндер бойынша алған бағаларын қарауға мүмкіндік берілген. Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды мемлекеттік аттестаттау жүргізудің үлгі ережесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығын басшылыққа алып аралық емтихандар мен мемлекеттік емтихандарды өткізу тәртібі туралы ережелер жасақталған. Оқытушылардың біліктілігін арттыру туралы куәліктер жоғары, бірінші санат және педагог-шебер, педагог-зерттеуші, педагог-сарапшы, педагог-модератор бойынша Атырау облысы Білім беру басқармасынан, екінші санат бойынша колледжден берілген.

Махамбет көп бейінді ауыл шаруашылық колледжінде «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 18 қазандағы № 578 бұйрығы».

«Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға академиялық демалыстар беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 506 бұйрығы.

«Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру саласындағы мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 қаңтардағы № 19 бұйрығына сәйкес «Білім алушыларды білім беру ұйымдарының түрі бойынша ауыстыру және қайта қабылдау» және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы «Білім беру ұйымдарының жатақханаларындағы орындарды бөлу қағидаларын бекіту туралы» № 66 бұйрығы негізінде мемлекеттік қызметтері көрсетіледі. Оның ішінде:

- ✓ «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес - 55,

**Ұсыныс:** Колледжге талапкерлерді қабылдау заң талабына сәйкес жүргізілсін.

- ✓ «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарындағы тәрбиеленушілер мен білім алушылардың жекелеген санаттағы азаматтарына, сондай-ақ қорғаншылық (қамқоршылықтағы) пен патронаттағы тұлғаларына тегін тамақтандыруды ұсыну» бойынша - 120,

**Ұсыныс:** Колледж бойынша студенттерді тегін тамақпен қамтуды басты назарда ұстау.

- ✓ «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру ұйымдарында білім алушыларға жатақхана беру» бойынша - 40,

- ✓ «Техникалық және кәсіптік білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру» «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ бірлесіп, мемлекеттік қызмет - 3 қызмет көрсетілген.

- ✓ «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру

бойынша конкурсқа құжаттарды қабылдау мемлекеттік корпорациясы арқылы көрсетілген-1.

✓ «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға академиялық демалыстар беру қағидаларын бекіту туралы» білім алушыларға академиялық демалыс берілген-0

✓ «Білім алушыларды білім беру ұйымдарының түрі бойынша ауыстыру және қайта қабылдау» бойынша 3 мемлекеттік қызмет көрсетілген.

**Ұсыныс:** Білім алушыларды әр түрлі жағдайларына қарай ауыстыру және қайта қабылдауды заң шеңберінде орындау.

✓ «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім алуды аяқтамаған адамдарға анықтама беру» бойынша мемлекеттік көрсетілген қызмет -0

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру мәселесі колледж басшысының тұрақты бақылауында. Колледж қызметкерлердің лауазымдық, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық және қылмыс жасағаны үшін тәртіптік жаза қолдану фактілері анықталған жоқ. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтамау, сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

#### **Әлеуметтік-тәрбие қызметін ішкі талдау жүргізілді:**

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша шаралар жоспары Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Атырау облысы бойынша департаментімен бірлесе жасақталған. Колледж қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты бекітілген. Студенттердің Ар-ұят кодексі жасақталған. Махамбет көп бейінді ауыл шаруашылық колледжінде білім алушылар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру мақсатында «Саналы ұрпақ» еріктілер клубы құрылған. Колледж білім алушылары арасында [google.com/forms](https://www.google.com/forms) арқылы «Оқытушы студенттер көзімен», «Парасыз сессия» тақырыптарында сауалнама жүргізілген. Колледжде атқарылған іс-шаралар туралы ақпараттар колледждің әлеуметтік желілеріндегі ресми парақшаларында жарияланған. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы «Сенім» жәшігі камерадан алшақ, тасалау жерге орнатылған.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтамау, сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

#### **Ішкі талдау барысында «Махамбет көп бейінді ауыл шаруашылық колледжі» КМҚК анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдері:**

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Заңының 63-бап. (Білім беру ұйымдарының ақылы негізде тауарлар (жұмыстар, қызметтер көрсету) ұсынуы 3-тармағы, 3-2 тармақшасы бойынша ақылы қызмет түрлері көрсетілгенімен бұл жұмыстар колледж бойынша жүргізілмейді.

2. «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 18 қазандағы № 578 бұйрығының орындалуы бойынша қабылдау EDUS платформасы арқылы жүзеге асырылды, қабылдау қорытындысы осы жүйе арқылы шығарылған. Колледж қызметкерлерінің бұл процеске еш қатысы болмағандықтан, тәуекелдер анықталған жоқ.

3. «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы N 125 Бұйрығының орындалуы бойынша аралық аттестаттау арнаулы пәндер, қоғамдық пәндер EDUS платформасы арқылы студенттерге 25 сұрақтан беріліп, студент жауабы сол бойда көрсетілген. Қорытынды баға да аралық бақылау нәтижесін ескере отырып, автоматты түрде сол бойда шығарылады. Жаратылыстану пәндері бойынша ауызша сұрақ-жауап билет суыру арқылы жүзеге асырылады. Жауаптары бағаланып, сол бойда қорытындысы айтылып, тәуекелдің алды алынған.

4. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығының орындалуы барысында Ереженің 43 бабында «Әрбір педагог бойынша Сараптама кеңесінің ұсынымдарын қарағаннан және алғаннан кейін, Комиссия педагогтердің портфолиосын қарайды және мынадай шешімдердің бірін шығарады:

- 1) өтініш берілген біліктілік санатына сәйкес келеді;
- 2) өтініш берілген бір деңгейге төмен біліктілік санатына сәйкес келеді;
- 3) "педагог" біліктілік санатына сәйкес келеді (өтініш берілген біліктілік санаты сәйкес келмеген кезде);
- 4) өтініш берілген біліктілік санатына сәйкес келмейді» деп көрсетілген, факт бойынша жоғары санатты оқытушыны тесттен ұсынылған санаттан сәл төмен нәтиже көрсетсе, бірден жай «педагог» санатына түсіреді. Сонымен қатар 15-тарау 2-тармағы бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының өндірістік оқыту шеберлері мен арнайы пәндер бойынша оқытушылары «педагог-зерттеуші» санатына өтініш беруге құқылы және тест тапсырмайды» деп көрсетілген, алайда факт бойынша қайшылық бар, сонымен қатар, 2-параграф 69-тармақшасында санатты мерзімінен бұрын беру бойынша да қайшылықтар бар, бұл жерде құқықтық актілер мен ішкі құжаттар ережелерінің қайшылығы (индикатор заңда немесе ішкі құжатта белгіленген басым бағыттарды таңдау қағидаларының болмауы) және лауазымды тұлғалардың міндетінің орнына құқық белгілеу (индикатор- лауазымды тұлғалардың өз қалауы бойынша шешім қабылдауы үшін заңды негіздердің болуы);

5. «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 қаулысының 2-тармағы 1-тармақшасында көрсетілген санаттағы тұлғаларға «жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға) әлеуметтік көмекке арналған шығыстарды толық қамтамасыз етеді» деп көрсетілген, ал осы Қаулының «Осы қағидалардың 5-тармағының 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген және қорғаншылықтағы (қамқоршылықтағы), патронаттық тәрбиедегі, баланы қабылдайтын отбасылардағы адамдар техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білім беру ұйымдарында оқыған кезеңде олардың жетім балаларға арналған күндізгі рацион құнының 40 пайызы мөлшерінде республикалық немесе жергілікті бюджеттер есебінен тегін ыстық тамаққа құқығы бар» деген тұсы жетім балалардың бәрі қамқорлыққа алынған деген қағидамен жүзеге асырылып келеді. Жұмыс заң аясында жасалғандықтан тәуекелдер анықталмады.

6. «Мемлекеттік стипендияларды тағайындау, төлеу қағидаларын және олардың мөлшерлерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 7 ақпандағы N 116 Қаулысы бойынша жүзеге асырылады, тәуекелдер анықталған жоқ.

7. «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 Қаулысы бойынша еңбекақы тағайындалады, тәуекелдер анықталған жоқ.

8. «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а 2023 жылғы 21 шілдедегі № 224 бұйрығы бойынша штаттық кесте Білім беру басқармасы бекітетіндіктен тәуекелдерге ешқандай негіз жоқ.

9. «Білім беру ұйымдарының жатақханаларындағы орындарды бөлу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 66 бұйрығы EGOV порталы арқылы жүзеге асырылады. 2023 жылдың қыркүйек айына өтініш білдірген 40 студент өтініштері қаралып, қабылданды, тәуекелдер анықталған жоқ.

10. «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 қаулысымен колледжде оқитын білім алушылар бір мезгіл ыссы тамақпен қамтылуда. Тәуекел анықталған жоқ.

11. «Білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың түрлері мен нысандарын және оларды беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 39 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2021 жылғы 6 қаңтардағы № 2 бұйрығы бойынша құжат телнұсқасын беру EGOV порталы, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ арқылы асырылады. Тәуекел анықталған жоқ.

12. Қызметкерлерді жұмысқа қабылдау «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы

**Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 Бұйрығы** негізінде ашық конкурс түрінде жүзеге асырылады. Талдау нәтижесі бойынша тәуекелдер анықталған жоқ.

**Махамбет көп бейінді ауыл шаруашылық колледжіні ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бағыты бойынша:**

1. Персоналды басқару, соның ішінде кадрлардың ауысуы:

1. талдау барысында құқықбұзушылық анықталған жоқ.

2. мүдделер қақтығысын реттеу - ағымдағы жылдың 25 қыркүйек жағдайы бойынша мүдделер қақтығысы орын алған жоқ.

3. мемлекеттік қызмет көрсету колледжде білім саласына қатысты 8 мемлекеттік қызмет түрлері мемлекеттік қызмет көрсету стандарттарына сәйкес жүзеге асырылады, EGOV порталы, ақпараттық жүйелер, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ арқылы;

4. рұқсат беру функцияларын іске асыру - колледжде рұқсат беру функциясы іске асырылмайды;

5. бақылау функцияларын іске асыру - колледжде бақылау функциясы ISO 9001 2016 КР СМЖ ішкі аудит жоспарына сәйкес жүзеге асырылады;

Талдау нәтижесі бойынша құқықбұзушылықтар анықталған жоқ;

6. колледждің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер жоқ.

7. колледжге қатысты мемлекеттік органдардың бұрын жүргізген тексеру нәтижелері колледжге қатысты жоспарлы тексерістер жүргізу мемлекеттік аудит, аттестациядан өту, прокурорлық тексеру нәтижесі бойынша шаралар қабылданды, кемшіліктерді жою шаралары алынды;

8. бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар - қызметкерлерді аса қайшы әрекеттері мен теріс іс-қимылдарын әшкерлейтін материалдар жарияланған жоқ;

9. колледжге келіп түскен жеке және заңды тұлғалардың өтініштері басқарма қызметкерлеріне қатысты сыбайлас жемқорлық мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалар тарапынан өтініштер түскен жоқ;

10. прокурорлық қадағалау актілері прокурорлық қадағалау актілері бойынша ескертулер болған жоқ;

11. сот актілері басқарма бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне қатысты сот актілері түскен жоқ.

#### **Қорытынды және ұсыныстар:**

1. Құжаттарды, актілерді, келісім-шарттарды жасақтау қолданыстағы заңнамаларды басшылыққа алуды жүйелеу;

2. «Е-қызмет» ықпалдастырылған ақпараттық жүйесімен тұрақты түрде жұмыс жасау;

3. Білім сапасын дамыту мәселесі бойынша шараларды ұйымдастыру;

4. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін жан-жақты қарауды қамтамасыз ете отырып, бақылауға алу;



5. Білім мәселесіне қатысты арыз-шағымдарға уақытылы және сапалы жауап беру, білім саласына қатысты құқықтық ағарту, түсіндіру жұмыстарын ұжым арасында жандандыру.



С.Сатбергенова —Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары

А.Рсалиева — Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары

А.Мухамеджанова — Психолог

Г.Тусыпкалиева — бас есепші

Г.Намазғалиева — Кадр жөніндегі инспектор

#Атыраубілімжемқорлыққажолжоқ2023#